

**«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің әскелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет бойынша мектеп асханасын тексеру жөніндегі  
2025-2026 оқу жылы**

**А К Т**

**Тексеру мақсаты:** Мектеп асханасының санитарлық - гигиеналық жағдайын тексеру және тамақтану мониторингін қадағалау.

**Тексеру мерзімі:** 19.01.2026 ж.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №20» бұйрығының 4 - тармағы негізінде қаңтар айының 19-ы күні мектеп асханасының жұмысы тексерілді.

Тексерудегі мақсат – тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізуін, мектеп асханасының талапқа сай жұмыс жасауын бақылау.

Тексеру жүргізгендер:

Н.Ж.Байниязова – бракераж комиссиясының төрағасы, мектеп директоры

С.С.Махашова - мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары.

А.А.Давлетова - мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары.

К.Сейітова - мектеп медбикесі

Д.Т.Туретова. - әлеуметтік педагог

А.А.Жумаханова – мектеп психологі

Б.Куркембаев - Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Ж.Сатиева- ата - аналар комитетінің төрайымы

А.Қ.Амирова - ата - аналар комитетінің мүшесі

Тексеру барысында басшылыққа алынған критерийлер:

- Мектептегі аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларының бекітілген кестеге сәйкес тамақтануы.
- Орта білім беру ұйымының медицина қызметкері күн сайын халықтың санитариялық - эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бракераж журналына жазу арқылы дайын тағамның сапасына органолептикалық бағалау жүргізілуі;
- Мектеп асханасының санитарлық - гигиеналық жағдайы;
- Мектеп асханасының талапқа сай жұмыс жасауы;

Тексеру нәтижесі төмендегідей болды:

Қазіргі таңда мектебіміздің 1-4 сынып арасындағы 192 білім алушы, 5-11 сынып аралығындағы жеңілдік санатындағы 35 оқушысы жергілікті бюджет қаражаты есебінен құрылған кестеге сәйкес тегін ыстық тамақпен тамақтанады. 2026 жылдың қаңтар айының 8-інен бастап, 4 апталық ас мәзірі бойынша қаралды:

**3-ші апта, 1-ші күн, Дүйсенбі**

**19.01.2026 жыл**

р/с	Тағам атауы	7-10 жас	11-14 жас	15-18 жас
1	Сәбіз бен ірімшік қосылған салат	60 г	80 г	100 г
2	Құс еті қосылған палау	200 г	220 г	250 г
3	Каркаде шайы	200 г	200 г	200 г
4	Алмалар	120 г	120 г	120 г
5	Қарабидай және бидай наны	30 г	50 г	50 г

Бұл күні оқушыларға берілетін тамақ Ақтөбе қалалық білім бөлімінің бұйрығымен бекітілген ас мәзіріне сәйкес әзірленген. Бракераж комиссиясының мүшелері тағамдардың мөлшерін, сапасын, дәмділігін тексеріп қорытынды нәтиже шығарды. Қоймадағы азық-түліктердің сақталу орындарын, ыдыс-аяқтардың бүтіндігіне назар аударып, тоназытқыштағы бұзылатын азық-түліктердің сақталу мерзіміне мән берді. Сондай-ақ, асхана қызметкерлерінің санитарлық кітапшаларының рұқсат мерзімін тексеріп, құжаттарына бақылау жүргізді. Орта білім беру ұйымының медицина қызметкері күн сайын халықтың санитариялық - эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бракераж журналына жазу арқылы дайын тағамның сапасына органолептикалық бағалау жүргізген. Мектеп асханасы талапқа сай жұмыс жасайды.



**Шешім:** Бракераж комиссиясының асхана жұмысын тексеру нәтижесінде тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізілуі қанағаттанарлық деңгейде деп бағалады. Мектеп әкімшілігі күнделікті астың талапқа сай әзірленуін бақылау мақсатында асхана қызметкерлерімен бірігіп жұмыс жасауды және оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстарын одан әрі жүйелі жүргізілуін талап етілсін деп шешім шығарды.

**Ұсыныс:**

Мектеп оқушыларының тамақтану барысы класс жетекшілер тарапынан күнбе – күн қадағалансын.

Асхана жұмысы комиссия мүшелері тарапынан үнемі бақылансын.

Асханадан тамақтанатын мектеп ұстаздары мен оқушылары асхана бөлмесіндегі арыздар мен шағымдар журналының толтырылуына үлес қосса.

Бракераж комиссиясының төрағасы, мектеп директоры		Н. Ж. Байниязова
Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары		С. С. Махашова
Мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары		А. А. Давлетова
Мектеп медбикесі		К. Сейітова
Әлеуметтік педагог		Д. Т. Туретова
Мектеп психологі		А. А. Жумаханова
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы		Б. Куркембаев
Ата - аналар комитетінің төрайымы		Ж. Сатиева
Ата - аналар комитетінің мүшесі		А. Қ. Амирова

Бракераж комиссия мүшелері Асхана бөлмесін тексеріп-бакылау жұмысын жүргізді.



